



М. Д. ҚАРАЖАНОВ,
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау институтының директоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD).



А. Қ. ҚАНАТОВ,
ҚР ӘМ «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бастығы, з.ғ.к., доцент

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ СЕКТОРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру мәселелері талданады. Авторлар мақалада квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында қолданыстағы және шетелдік қылмыстық заңнамаларға салыстырмалы талдау жасаған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық шараларының тиімділігін арттыру үшін сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері болуы мүмкін адамдар тізімін кеңейту ұсынылған.

Түйінді сөздер: қылмыстық заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, квазимемлекеттік сектор, жеке сектор, заңнаманы жетілдіру, салыстырмалы талдау, сыбайлас жемқорлықпен күрес, сыбайлас жемқорлық қылмысының субъектілері, халықаралық тәжірибе.

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу талқылануға жататын өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Өйткені квазимемлекеттік және жеке сектор ұйымдары басшылары мен қызметкерлерінің әрекеттері еліміздің заңнамасы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарына әрқашан жата бермейді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне – мемлекет қатысушысы немесе акционері болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және олардың Қазақстан Республикасы заң актілеріне сәйкес өзге де заңды тұлғалардың аффилирленген еншілес және тәуелді ұйымдары жатады.

Алайда, БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы және көптеген халықаралық құжаттар жария және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету қажеттілігін айтып отыр. Бұл жерде, жария сектордағы субъектілер ретінде мемлекеттік қызметкерлермен қатар, азаматтық қызметкерлер де табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанның квазимемлекеттік секторында үлкен көлемдегі қаржы игерілуде. Мемлекеттік сатып алулар көлемінен асып тұратын бюджет жағдайында, квазимемлекеттік сектордағы жемқорлық мәселесі сырттай өте өзекті емес. Алайда, шынайы экономикалық жағдай

бұл сектордағы жариялылықтың жетіспейтіндігін көрсетіп отыр.

Қазақстанның Парламент мәжілісінің вице-спикері Дариға Назарбаева ұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алу процесі мен ережелері және денсаулық сақтау саласындағы сатып алу жариялылықты қажет етеді деп санайды.¹

2013 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 1,6 триллион болды. «Самұрық-Қазына» жүйесіндегі сатып алу -3,5 триллион болды. Жалпы мемлекеттік бюджет 7 триллион болды. Оның жартысына жуығы мемлекеттік бақылаудан тыс қалып отыр.

2008 жылдан бастап квазимемлекеттік сектор ұйымдар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнан шығарылып тасталғаны белгілі. Керісінше, Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдайтын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның аясында мемлекеттік сатып алулардың тәртібі мен мінсіздігі тетігіне жаңа өзгерістер енгізу керек.

Алайда, бұл мәселе Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының 2015 жылдың 17-шілдесінде ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Абдыхалықованың басшылығымен өткен отырысында көтерілді, кеңесте ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тетіктерінің тиімділігі Қазақстанның әлемнің дамыған отыз елі қатарына ену стратегиялық міндетін сәтті орындаудың, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын және 5 институционалды реформаларды сәтті іске асырудың негізгі шарттарының бірі екендігі айтылды.²

Табиғи монополиялар мен бәсекелестікті қорғау ісінде де сыбайлас жемқорлық салаларын жою керек, туындап отырған мәселелерді бірлесе шешу қажет, құзырлы мемлекеттік органдар мен табиғи монополиялар субъектілерінің жұмысының жариялылығын, оның ішінде тарифтерді белгілеу сұрақтарында да қамтамасыз ету керек. Сонымен бірге, ұйымдастыру-басқару үрдістеріне қойылатын бірыңғай талаптар жоқ. Кадрлік шешімдер қабылдау кезінде, сатып алу жүргізуде бөлінген қаржыны «ақырғы тұтынушыға» бөлудегі жариялылық қамтамасыз етілмеген.

Сингапур, Оңтүстік Корея, Скандинавия елдері, Австралия, Жаңа Зеландия, АҚШ елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік

¹ [http://www.meta/kz/novosti/Kazakhstan/956810-Nazarbaeva-goszakupki. \(05.02.2015 г.\)](http://www.meta/kz/novosti/Kazakhstan/956810-Nazarbaeva-goszakupki. (05.02.2015 г.)).

² [http://thenews.kz/2015/06/18/1828731.html \(17.06.2015 г.\)](http://thenews.kz/2015/06/18/1828731.html (17.06.2015 г.)).

органдар мен квазимемлекеттік сектор – бір мемлекеттік басқару жүйесінің бөлігі екендігін көрсетіп отыр.³

Жеке сектордың әлеуметтік-экономикалық дамуы рөлі күннен күнге артып келе жатқандығын айта кету керек; жаһандану дәуірінде жеке компаниялар, әсіресе трансұлттық компаниялар әлеуметтік-экономикалық сипаттағы сұрақтарды талқылау кезінде өз шарттарын қоюға және нарықтағы жағдайын максималды тиімді пайдалану мүмкіншіліктеріне ие болып келеді. Әрине, дамыған елдерде, көріп отырғанымыздай, нарықтағы көшбасшылық мемлекеттен жеке секторға өткен, сол себепті қоғамның жеке секторға деген үміті артты.

Сыбайлас жемқорлықтың жеке секторға таралуы ел экономикасына айтарлықтай кері әсерін тигізеді.

Біріншіден, экономикалық, табиғи, кадрлік және қаржы ресурстарын мақсатсыз шығындау орын алады, ол экономикалық өсім қарқынын төмендетеді.

Жеке коммерциялық кәсіпорындарда басқарушылар шарттар жасау, жаңа қызметкерлерді қабылдау, қызметкерлерге қадағалай жүргізу тағы сол сияқтылар кезінде дискрециялық өкілеттігін пайдаланады. Бұл жеке пайда алу мүмкіндіктеріне жол ашады, ал ол өз кезегінде компания акционерлері мен иелеріне экономикалық шығындар алып келеді.

Квазимемлекеттік және жеке сектор қызметкерлері пара беру (ҚК 367 бабы), парақорлыққа делдал болу (ҚК 368 бабы) сияқты сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері болуы мүмкін. ҚК-тің сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылық көздейтін басқа баптары бойынша арнайы субъект қарастырылған. Ол мемлекеттік функцияларды атқаруға құзырлы тұлға немесе соған теңестірілген тұлға, лауазымды тұлға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға болуы мүмкін.⁴

Жеке сектордағы кең таралған сыбайлас жемқорлық қылмыс түрі жеке сектордағы пара болып табылады, оны «сатып алу» деп атайды. Сонымен қатар, ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (2014 жылы 304 қылмыс тіркелді), ол көбіне салық органдары қызметкерлерін пара арқылы сатып алумен ұштасып жатады; жалған кәсіпкерлік (2014 жылы 311 қылмыс тіркелді); іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиесп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді мүлтік пайда алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай жүргізу (2014 жылы 218 қылмыс тіркелді); экономикалық контрабанда (2014 жылы 659 қылмыс тіркелді); банктің ақшасын заңсыз пайдалану (2014 жылы 176 қылмыс тіркелді).⁵

Қылмыстық заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік және жеке сектор қызметкерлері лауазымды тұлға немесе мемлекеттік жауапты лауазымды атқаратын тұлға, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға жауапты тұлға болып саналмайды. ҚК 3-бабының 28 тармағына сәйкес квазимемлекеттік сектордың жекелеген қызметкерлері мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі ретінде танылуы мүмкін. Жеке алғанда, олар осындай болып танылады егер:

а) тұлға мемлекеттік ұйымда басқарушылық функцияларын атқарса;

б) жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада басқару функцияларын орындайтын адам болса;

в) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері болса.

Басқару функцияларын орындау ретінде ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді түсінген жөн (ҚК 36. 19т.). ҚК 36. 5т. сәйкес әкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық, ал ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық (ҚК 36. 37 т.).⁶

«Траспаренсис Қазақстан» қоғамдық қоры, Алматы кәсіпкерлер қауымдастығы және АҚШ-тың халықаралық даму бойынша Агенттігі (ЮСАИД) қолдауымен Халықаралық жеке кәсіпкерлікті орталығы Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа кең объективтік баға беру мақсатында сарапшылық сауалнама жүргізді.

Сауалнама көрсеткендей, жеке кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа мемлекеттік билік және басқару органдарының шенеуніктері жасайтын жасанды кедергілер осы салада бизнесмендерге өз қызметінде әртүрлі сұрақтарды шешуге байланысты қарым-қатынаста болуында орын алады, сондай-ақ кәсіпкерлердің қызметінде әртүрлі сұрақтарды шешуде кедергі болатын мәселелер көтерілді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер жауаптарына қарай отырып, мемлекет пен бизнес арақатынасының әр түрлі салаларындағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің рейтингі жиналынды:

- 1) мемлекеттік сатып алулар;
- 2) мемлекеттік тапсырыс;
- 3) мемлекеттік меншік объектілерін басқаруға беру;
- 4) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру;
- 5) жеке бизнес субъектілерін мемлекеттік несиелеу;
- 6) монополияға қарсы саясат;
- 7) мемлекетпен жеке бизнес субъектілеріне белгілі бір ақылы қызметтер көрсету құқығын беруі;
- 8) салық саясаты;
- 9) шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету;
- 10) қандай да бір кәсіпкерлік қызмет түрімен айналысуға лицензиялау беру;
- 11) коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдарды тіркеу;
- 12) жеке кәсіпкерлікпен қызмет айналысуға патенттер беру.

Сонымен, сыбайлас жемқорлық ең көп орын алатын салалардың бестігіне мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік тапсырыс, мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру құқықтарын беру және жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік несиелендіру еніп отыр. Көріп отырғандарымыздай, бұл жерде негізгі рөлді мемлекет және оның

⁶Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/>. – 6 б.

сәйкес органдарының лауазымды тұлғалары атқарады, ал ең бастысы мәселелерді шешу материалдық сипатқа ие.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша лауазымды тұлғалар тізімі шектеулі, ол сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімділігіне жағымсыз әсер етеді. ҚК 36. 26т. сәйкес лауазымды тұлғаларға қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық ұйымдарда басшылық қызметтер атқаратын тұлғалар жатқызылмайды. Олардың, сәйкес белгілері болған жағдайда ҚК 9-бөлімінің баптары бойынша жауапкершілікке тартылады (Коммерциялық және басқа да ұйымдардағы қызмет мүддесіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар), ал мұндағы жазалар жеңілдік болып келеді.⁷

1959 жылғы Қазақ ССР-нің ҚК-де лауазымды тұлға мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердегі лауазымды тұлғаларды қамтыса, ал кейінірек, КСРО құлар алдында – коммерциялық және басқа да ұйымдардағы лауазымды тұлғалар енді. Лауазымды тұлғаға жатандар: мемлекеттік білім беру орындарының (ЖОО, мектептердің, техникумдардың, училищелердің) басшылары, мемлекеттік медициналық мекемелердің бас дәрігерлері, олардың орынбасарлары, мемлекеттік кәсіпорының бас директорлары, олардың орынбасарлары, өндіріс басшылары, бас инженерлер, сауда және қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының аға сатушылары.⁸

Әрекеттегі ҚК-те әртүрлі, қылмыстық жауапкершілікке алып келетін, лауазымын асыра пайдалану әрекетін жасаған жағдайда кодекстің лауазымды тұлғаларға қатысты жауапкершілік нормалары жоғарыда көрсетілген тұлғаларға қолданылмайды. Бұл жағдайда дұрыс деуге келмейді, себебі көрсетілген тұлғалардың әрекеті, әкелетін шығындары лауазымды тұлғалардың заң бұзушылық әрекеттерінен келетін шығыннан кем болмайды.

Осылай, тарихи қалыптасқан сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі туралы заңнамадағы ереже еліміздің әрекеттегі қылмыстық заңнамасындағы лауазымды тұлға түсінігін кеңірек қайта қарауды талап етеді. Қылмыстық заңнамадағы тәрізді бұл түсінікті тым тарылту сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен сәтті күреске кедергі келтіреді. Сондықтан, ҚК 36. 26т. бар лауазымды тұлға анықтамасының мазмұнын кеңейту қажет.

Тұтастай алғанда, біздің еліміздің әрекеттегі ҚК қарағанда лауазымды тұлға ұғымы шетелдердің бірқатар қылмыстық заңнамаларында бар. Мысалы: Эстония Республикасында ҚК 160 бабында «Лауазымдық қылмыстар» лауазымды тұлғаға келесі анықтама береді: «Лауазымды тұлғалар болып кез-келген меншік нысанына қарамастан мекемелерде,

⁷Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/>. – 7 б. (04.12.2015 г.).

⁸Уголовный кодекс Казахской ССР. Утвержден Законом Казахской ССР от 22 июля 1959 года // <http://adilet.zan.kz/>. – 111 б. (04.12.2015 г.).

ұйымдар мен кәсіпорындарда қызмет атқаратын, оларға мемлекетпен мен меншік иесімен ұйымдастырушылық, қадағалау, иелену, жедел және ұйымдастырушылық міндеттері, материалдық құндылықтар қозғалысын ретке келтіру міндеттері жүктелген немесе мемлекеттік өкілінің функциялары бар адамдар».⁹

Көріп отырғанымыздай, лауазымды тұлға анықтамасында белгілі бір лауазымға ие адамдармен қатар, мемлекеттік органда белгілі бір қызметті атқарып отырған немесе коммерциялық ұйымдардағы адамдар да жатады.

Беларус Республикасы ҚК 4 бабында былай айтылған «Лауазымды тұлғалар болып» табылады:

1) билік өкілдері, яғни Беларус Республикасының Ұлттық жиналысы Палатасының өкілдері, Беларус Республикасының Ұлттық Ассамблея мүшелері, жергілікті кеңестер депутаттарының депутаттары, сондай-ақ өз құзыреті шегінде бұйрықтар беруге құқығы бар мемлекеттік немесе оларға қызметте бағынысты емес адамдарға қатысты бұйрықтар мен шешімдер қабылдауға тиісті қызметшілері;

2) қоғамдық мүшелер, яғни мемлекеттік қызметте болып табылмайтын тұлғалар, бірақ уәкілетті өкілі органының қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін белгіленген тәртіппен орындау, төрелігін басқару жөніндегі құқықбұзушылықпен күрес міндеттері жүктелгендер;

3) тұрақты немесе уақытша, арнайы уәкілетті органдарда, мекемелерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда (меншік нысанына қарамастан), Беларус Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерде және Беларус Республикасының әскери құрамалары қызметтерінде, ұйымдастырушылық және әкімшілік міндеттерді жүзеге асыруға немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерімен айналысатын тұлғалар немесе уәкілеттік белгіленген түрде заңды іс-әрекеттер жасау үшін айналысатын тұлғалар;

4) шетел мемлекетінің лауазымды тұлғалары, шетелдік жария жиналыстар мүшелері, халықаралық ұйымдарының лауазымды тұлғалары, халықаралық парламенттік жиналыстарының мүшелері, соттар мен халықаралық соттардың лауазымды тұлғалары.¹⁰

Ресей Федерациясы ҚК 285-бабының 1-ескертуіне сәйкес лауазымды тұлғалар болып тек қана мемлекеттік ұйымдарда қызмет атқаратын тұлға емес, сонымен бірге мемлекеттік және муниципалдық мекемелерде жасайтын мемлекеттік корпорацияларда қызмет істейтіндерде жатады.

Кейбір алыс шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасында лауазымды қылмыстар субъектісі жөніндегі сұраққа қылмыстық-құқықтық тұрғы үлкен қызығушылық тудырады. Осылайша, АҚШ-тың Үлгілі ҚК-де сыбайлас жемқорлық субъектілерін екіге бөлу қарастырылған: жария қызметкерлер мен коммерциялық парақорлық субъектілері.

⁹Эстония Республикасының Қылмыстық Кодексі. Таллин, 1999. – 47 б.

¹⁰Беларус Республикасының Қылмыстық Кодексі (1999 жылдың 9 шілдесінде қабылданды). Минск, 1999. – 5 б.



Коммерциялық парақорлық субъектілеріне: адвокаттар; дәрігерлер; бухгалтерлер; инкорпорирды немесе инкорпорирды емес бірлестіктер директорлары жатады.

Біздің елдің әрекеттегі заңнамасына сәйкес Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (РМК), көптеген мемлекеттік білім беру, денсаулық сақтау мекемелері мемлекеттік органдарға жатпайды, сондықтан олардың жетекшілері сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаған кезде лауазымды тұлға ретінде танылмайды. Бұл тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін, егер олар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттік функцияларды орындауға теңестірілген адам ретінде тартылады (ҚК Зб. 28т. сәйкес олар сыбайлас жемқорлық қылмыстың субъектілері болып табылады). Яғни ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда (Мысалы: РМК-да) орындайтын адам ҚК Зб. 28т. сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі ретінде мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті адам ретінде танылуы мүмкін.

Ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда орындайтын адамдар қылмыстық жауаптылыққа коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық көзделген мемлекеттің үлесі елу пайыздан аспайтын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындаса қылмыс субъектісі болады (ҚК Зб. 19т.). Егер мемлекет үлесі мемлекеттік емес ұйымда үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындайтын адам сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен, сипатталып отырған квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі ретінде жауапқа тартылатын адамдар тізімін беру жолымен осы мәселе шешіледі.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күрестің қылмыстық-құқықтық шараларының тиімділігін арттыру үшін сыбайлас жемқорлық қылмыстар субъектілері ретінде танылатын тұлғалар тізімін кеңейту қажет. Ол үшін қажет:

Лауазымды тұлға анықтамасын 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңындағы 2-бабының 4-тармағын және Қазақстан Республикасы ҚК-нің 3-бабының 26-тармағын мынадай мазмұндағы жаңа мәтінге ауыстыру қажет:

1. «Лауазымды тұлға – тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілі функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда меншік нысанына қарамастан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам».

2. Лауазымды тұлға анықтамасы 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңында 2-бабының 4-тармағы және ҚК 3-бабының 26-тармағы көзделген мазмұны Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-бабындағы, 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңында көзделген анықтамадан ажыратылады. Бұл заң техникасының ережелерін бұзу болып табылады, бір ұғым анықтамасы бірнеше заңда қайталанбауы тиіс. Қайталану орын алса мазмұны сәйкес келуі тиіс. Сондықтан, лауазымды тұлға анықтамасы «Мемлекеттік қызмет тура-

лы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 1-бабындағы, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңында 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңында көзделген мазмұны бойынша сәйкестендірілуі керек.

Сондай-ақ, Еуропалық Одақ Кеңесінің «Жеке секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Шекті шешіміне сәйкес «Міндеттерді бұзғаны» үшін қылмыстық жауаптылықты енгізу қажеттігі мақсатқа лайықты болады.

Мәселен, «Міндеттерді бұзу» кез келген опасыз мінез-құлықты қамтуға тиіс, заңды міндеттеме бұзылуын құрайды немесе жағдайына қарай тәжірибелі кәсіби ережелер бұзу немесе нұсқаулар, кәсіби қызмет шеңберінде тұлғамен, кез келген жеке секторға тиесілі құрылым пайдасына кез келген негіз бойынша басқарушылық қызметті немесе жұмысты орындау табылады.

Біз «Міндеттерді бұзу» 247-1 бапты «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 8-тарауына келесі мазмұнда енгізуді ұсынамыз:

«уәде беру, ұсыныс жасау немесе ұсынудан тұратын іс-әрекет тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы кез келген негізде басқарушылық қызметті немесе жұмысты орындайтын тұлғаға, жеке секторға жататын оны құру пайдасына, кез келген қарызсыз табыс оның өзіне немесе үшінші тұлғаға тиесілі ол өзінің міндеттерін бұзуға әрекет жасауға немесе әрекет жасаудан бас тартса – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұлға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға, мүлкін тәркілеп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып жазаланады».

М.Д. Каражанов, А.К. Канатов: Проблемы совершенствования антикоррупционного законодательства в квазигосударственном и частном секторе.

Анализируются проблемы совершенствования антикоррупционного законодательства в квазигосударственном и частном секторе. Авторами проведен сравнительный анализ действующего и зарубежного уголовного законодательства в области борьбы с коррупцией в квазигосударственном и частном секторе. Для повышения эффективности уголовно-правовых мер борьбы с коррупцией предложено расширить круг лиц, которые могут быть признаны субъектами коррупционных преступлений.

Ключевые слова: уголовное законодательство, антикоррупционное законодательство, квазигосударственный сектор, частный сектор, совершенствование законодательства, сравнительный анализ, борьба с коррупцией, субъекты коррупционных преступлений, международный опыт.

M. Karazhanov, A. Kanatov: Problems of improving anti-corruption legislation in the quasi-public and private sectors.

This article analyzes the problems of improving the anti-corruption legislation in the quasi-public and private sectors. The authors carried out a comparative analysis of current and international criminal law in the fight against corruption in the quasi-public and private sectors. To improve the effectiveness of criminal law measures to combat corruption it was proposed to expand the circle of persons who may be recognized as subjects of corruption crimes.

Keywords: criminal law, anti-corruption legislation, quasi-public sector, the private sector, improvement of legislation, comparative analysis.